**Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 27 қараша N 491. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Тиімді ұлттық сақтандыру индустриясын қалыптастыру және оның басым бағыттарын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары бекітілсін (қоса беріледі).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган болып саналатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, осы Жарлықтың 1-тармағында бекітілген құжаттарға сәйкес іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қолдансын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 27 қарашадағы
N 491 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы**

**Паспорт**

| | |
|---|---|
| Атауы | Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) |
| Бағдарламаны әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы туралы шешім қарашада Қазақстан |

қаржыгерлерінің 2-конгресінде сөз сөйлеу барысында берген тапсырмасы

| | |
|---|---|
| Негізгі әзірлеуші | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен) |
| Мақсаты | Мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын қазіргі заманғы және тұрақты ұлттық сақтандыру рыногын қалыптастыру, мемлекеттік әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлімі ретінде тиімді сақтандыру жүйесін құру |
| Бағдарламаның басымдықтары | 1) ұлттық сақтандыру жүйесінің негіздерін жетілдіру;<br>2) сақтандыруды қолдану аясын кеңейту;<br>3) сақтандыру индустриясының инвестициялық әлеуетін белсенді пайдалану;<br>4) міндетті сақтандыру түрлерінің оңтайлы тізбесін айқындау, оларды жүргізу ерекшеліктерін заңмен бекіту;<br>5) өмірді және денсаулықты, аннуитеттер жүйесін сақтандыруды және сақтандырудың басқа да әлеуметтік маңызды түрлерін жедел дамыту;<br>6) ұлттық сақтандыру рыногының инфрақұрылымы мен әлеуетін дамыту;<br>7) сақтандыру рыногын мемлекеттік реттеуді және сақтандыру қызметін қадағалауды күшейту;<br>8) сақтанушылардың, сақтандырылушылардың және пайда алушылардың заңды мүдделерін қорғау;<br>9) Қазақстанның халықаралық сақтандыру схемасына кіруі жөнінде қажетті шаралар әзірлеу және республиканың сақтандыру рыногына шетелдік қатысудың шарттарын айқындау. |

| | |
|---|---|
| Бағдарламаның міндеттері | Бағдарламаның мақсатын іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:<br>- әлеуметтік қамтамасыз ету түрі ретінде сақтандыру тұрғысында қорғауды ұсынудың жаңа принциптерін нақтылау;<br>- сақтандыруды қолдану аясын кеңейту және міндетті сақтандыру түрлерін нақтылау;<br>- сақтандыру рыногының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының қызметін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;<br>- халықаралық стандарттарды ескере отырып, сақтандыруды қадағалаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;<br>- сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі жөніндегі талаптарын арттыру;<br>- қазіргі заманғы сақтандыру технологиясын енгізуге жәрдемдесу;<br>- сақтандыру саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру. |
| Бағдарламаның негізгі іс-шаралары | Ұлттық сақтандыру индустриясының әлеуетін дамыту және сақтандыру қызметінің аясын кеңейту үшін жағдайлар жасау.<br>Сақтандыру рыногында орын алған проблемаларды және міндетті сақтандыру түрлеріндегі іс жағдайларын талдау.<br>Сақтандыру саласындағы салық салу ерекшеліктері мен басқа да мәселелер ескерілген нормативтік құқықтық базаны әзірлеу.<br>Халықтың сақтандыру рыногына деген сенімін нығайту мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу. |

Кадрмен және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

Қаржыландыру көздері — Бағдарламаны қосымша қаржыландыруды жүзеге асыру көзделмейді және осы іске асыруға тиіс мемлекеттік органдарды ұстауға бөлінетін қаражат шегінде шешілуі мүмкін.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін соңғы нәтижелер — Сыйымды және бәсекеге қабілетті ұлттық сақтандыру рыногын құру, сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен сенімділігін, олар ұсынатын қызмет көрсетулердің сапасын арттыру, түрлі қолайсыз және кездейсоқ жағдайлардан сақтандыру тұрғысынан қорғауды қолдану аясын кеңейту, ел экономикасының ішкі резервтері есебінен ұзақ мерзімді негізде елеулі қаражаттардың ағылып келуі, республикадағы рыноктық жаңартуларды жедел дамыту үшін сақтандыру мүмкіндіктері есебінен жағдай жасау.

Іске асыру мерзімі — 2000-2002 жылдар

## 1. Кіріспе

Қазіргі заманғы ұлттық сақтандыру жүйесін құру сақтандыру қызметі рыногын сапалы жаңа деңгейге көтеру жөнінде шаралар әзірлеуді және кезең-кезеңімен іске асыруды талап етеді. Мұндай жағдайлар осы Бағдарламаны әзірлеуге негіз болған Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы қарашадағы Қазақстан қаржыгерлерінің 2-конгресінде сөз сөйлеу барысында берген тапсырмасынан туындап отыр.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі дамуы мен басталған реформаларды тереңдету жөнінде қабылданған стратегиялық құжаттар республиканың ішкі мүмкіндіктерін және оның меншікті инвестициялық мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалануды көздейді.

Осы тұрғыдан алғанда ұлттық сақтандыру жүйесін дұрыс ұйымдастыру мен сақтандырудың кейбір әлеуметтік маңызды түрлерін жедел дамыту үшін мол резерв жасалған. Сақтандыру саласы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық жағын қамтиды, ол өтемдік және жинақ-жинақтаушылық функциясын атқарады.

Өтпелі экономика жағдайындағы сақтандыру институтының ерекше

маңыздылығы біркатар факторлармен айқындалады.

Біріншіден, мемлекет тарапынан көзделген шаралардың сипаты мен көлеміне қарамастан, сақтандыру халық пен ұйымдардың түрлі мүдделерін қосымша қорғауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде табиғи және техногендік апаттардың зардаптарын жою жөніндегі шығыстардың негізгі ауыртпалығы мүмкіндігі объективті түрде шектеулі болып табылатын мемлекеттік бюджетке түседі.

Екіншіден сақтандыру тетігін қазіргі жағдайда пайдалану елдегі кәсіпкерлік қызметті жедел дамытуды, Қазақстан экономикасының негізгі саласының ерекшеліктерін, оның климаты мен географиялық орналасуын, экологиясының деңгейін ескере отырып, өндірістің технологиясын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Сақтандыру жүйесі республика экономикасының сенімді әрі орнықты дамуына, халықты әлеуметтік қорғауды арттыру үшін қосымша негіз жасауға, азаматтар мен шаруашылық субъектілерінің мүлкін сақтандыруға ықпал етуге тиіс. Сақтандыру мәселесі, медициналықты қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандырудың проблемаларына тікелей қатысты.

Қазіргі заманғы сақтандыру индустриясын құру мемлекетке:

1) мемлекеттік бюджеттің табиғи-техногендік сипаттағы көлденең шығыстарды өтеу бөлігіндегі салмақты азайтуға;

2) нарықтық экономика принциптерінде сақтандыру арқылы (зейнетақы жинақтарын, жұмысқа жарамдылығынан айырылуы немесе асыраушысы қайтыс болуына байланысты, жұмыссыздығына байланысты берілетін жәрдемақыларды, медициналық шығыстарды төлеу) әлеуметтік қамтамасыз етудің жекелеген проблемаларын шешуге;

3) халықтың және ұйымдардың жинақ ақшасын ұзақ мерзімді негізде ұлттық экономикаға тартуға мүмкіндік береді.

Азаматтардың ақшасымен операцияларды жүзеге асыратын банктер мен жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі сияқты сақтандыру ұйымдарының қызметі де белгілі бір мөлшерде халықтың сақтандыру институтына деген сенімінің деңгейіне байланысты.

Сақтандыруды дамыту, өз кезегінде, заң базасын, мемлекеттің салық-бюджет және ақша-кредит саясатын жетілдіруге, сақтандыру қызметін қадағалау сапасы мен сақтандыру ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты.

## 2. Сақтандырудың қазіргі жай-күйіне талдау

Ұлттық сақтандыру рыногының қалыптасуының бастапқы кезеңі Қазақстан дербес мемлекет ретінде құрылған күрделі жағдайларда өтті. Осы жылдардың ішінде сақтандыру ұйымдары сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі

өзінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруда белгілі бір тәжірибе жинақтады.

2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда сақтандыру қызметін жүзеге асыруға 70 сақтандыру ұйымының, соның ішінде 3 - мемлекеттік және 8 ішінара шетелдік капиталы бар сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы болды. Еншілес шетелдік сақтандыру ұйымдары мен мамандандырылған қайта сақтандыру ұйымдары болған жоқ. Республикада 300-ден астам қазақстандық сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктері жұмыс істейді.

Ұлттық сақтандыру рыногының жалпы көрсеткіштері 1999 ж. оң үрдіспен өсті. Сақтандыру ұйымдары жинаған сақтандыру төлемдерінің (сақтандыру сыйлықақысының) жиынтық көлемі 1999 ж. 5825 миллион теңге, соның ішінде міндетті сақтандыру түрлері бойынша - 1338 миллион теңге, өмірді сақтандыру бойынша - 37 миллион теңге болды.

1999 ж. сақтандыру сыйлықақысының жылдық жиынтық көлемінің өсуі 1998 жылғы осындай көлемге қарағанда 40% (1998 ж. - 25 процент) құрады. Сақтандырудың ерікті түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақысының көлемі 1.7 есе, соның ішінде мүліктік сақтандыру бойынша - 1.9 есе өсті. 1999 жылы болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру ұйымдары жүзеге асырған төлемдер көлемі 1998 жылмен салыстырғанда 17 процентке азайып, олар жинаған сақтандыру сыйлықақысының бестен бір бөлігінен аз болды. Сонымен қатар 1999 жылы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің жартысына жуығын міндетті сақтандыру түрлері бойынша төлемдер құрады.

Сақтандыру рыногының жай-күйіне талдау жасаған кезде тиімдісі салыстырмалы көрсеткіштерді пайдалану болып табылады. Олардың қатарына - сақтандыру сыйлықақысының жан басына шаққандағы орта көлемі және олардың елдің жалпы ішкі өнімі көлемінен алатын үлесі жатады. 1999 ж. қорытындысы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақысының жан басына шаққандағы көлемі 380 теңгеге жуық, соның ішінде өмірді сақтандыру бойынша 3 теңгеден кем болды. Сақтандыру сыйлықақысы көлемінің жалпы ішкі өнімге қатынасы 0,3 процентке жуық болса, соның ішінде өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысының көлемі - 0,002 процент. Бұл деректер дамыған және жекелеген дамушы елдердің тиісті көрсеткіштерімен әлі салыстыруға келмейді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының құрамына кіретін елдерде бұл көрсеткіштер халықтың жан басына шаққанда орташа алғанда шамамен 1800 АҚШ долларын және тиісінше ішкі жалпы өнімнің 8.5 процентін құрады. Сондықтан жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымдары санының көптігі мен жалпы көрсеткіштердің өсуіне қарамастан, Қазақстандағы сақтандыру рыногы экономикада және халықтың өмірінде әлі маңызды рөлге ие бола қойған жоқ әрі өзінің бастапқы даму сатысында тұр деп

қорытындылауға болады.

Бүгінгі күні сақтандыру қызметінің сапасы төмен болып отыр, ал олардың тізбесі көптеген сақтандыру ұйымдарында негізінен ең аз шамада күш-жігер мен шығын жұмсай отырып, клиенттер тарту мүмкіндігі болатын міндетті сақтандыру түрлерімен шектелген. Отандық сақтандыру ұйымдарының ірі шығынның орнын жабу жөніндегі қаржылық мүмкіндіктері де қанағаттанғысыз, бұл сақтандыру ұйымдарын капиталдандыруды арттыру мен оларды ірілендіру туралы мәселені шешуді талап етеді. Қазақстан қаржы рыногының басқа бөліктеріндегі реформалау тәжірибесі көрсеткендей, дәрменсіз қаржы ұйымдары индустрияның келелі міндеттерін шеше алмайды және олардың халықаралық стандарттарға қол жеткізуі айтарлықтай шектеулі.

Қазақстанның қайта сақтандыру саласындағы сақтандыру индустриясы қазіргі кезге дейін негізінен шетелдік рыноктарға бағдарланған. Қайта сақтандыру шарттары бойынша шетелдік қайта сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйлықақысының 1999 ж. жиналған сақтандыру сыйлықақысының жиынтық көлеміне қатынасы 46 процентті (1998 ж. - 26 процентті) құрады. Сонымен бірге республиканың ішкі сақтандыру рыногындағы қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемінің қайта сақтандыру бойынша сақтандыру көлемінің жиынтығына қатынасы 1999 ж. тек 2 процентті ғана (1998 ж. - 3 процент) құрады.

Республикадағы сақтандыру әзірше инвестициялық климатты жақсартудың негізгі құралы, ал сақтандыру ұйымдарының өздері - нақты институционалдық инвесторлар бола алмай отыр. 2000 жылдың бас кезіндегі жағдай бойынша Қазақстанның сақтандыру ұйымдары активтерінің жалпы мөлшері бар-жоғы 7310 миллион теңгені құрады.

Қазіргі кезге дейін көбіне мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (төлемақы) алуға бағдарланған сақтандырудағы халық белсенділігінің төмен болу проблемасы бар және сақтандыруға тиісті қызығушылық тудырмай отыр. Мемлекеттік бюджет есебінен және сақтандыру арқылы халықты әлеуметтік қорғау түрлерінің қолдану аясын шектеу осы проблеманы шешуге ықпал етуге тиіс.

Халықты мемлекеттік емес әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету саласындағы ең маңызды әлеуетті құрал бола отырып, азаматтардың өмірі мен еңбек қабілеттілігін сақтандыру жөніндегі индустрия әлі күнге дейін тиісті түрде дамымай келеді. 01.10.2000 ж. жағдай бойынша Қазақстанда елеусіз операциялар көлемін жүргізетін өмірді сақтандыру жөніндегі бір ғана компания жұмыс істейді.

Өмірді сақтандыру бойынша дамыған индустрия болмай (аннуитеттер жүйесі мен өмірді және еңбек қабілетін сақтандыру шарттары арқылы жинақтаушы

зейнетақы жүйесінің қатысушыларына өмірлік зейнетақы төлеуді қамтамасыз етуге қабілетті), республикада жүзеге асырылып жатқан зейнетақымен қамтамасыз ету реформасынан толық пайда келуі мүмкін емес.

Істің қалыптасқан жағдайы сонымен қатар сақтандырушы - жеке тұлғаларға және олардың жеке сақтандыру жөніндегі жұмыс берушілеріне қазіргі салық салу тұрғысынан да әсер етеді. Атап айтқанда, сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемдерін жүзеге асырғанға дейін ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру бойынша сақтандыру жарналарынан жеке тұлғалар үшін табыс салығын төлеудің мерзімін ұзарту тетігі пайдаланылмайды. Жеке жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін көбейтуге бағытталған сақтандыру ұйымдарының инвестициялық кірістерінің (мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған операциялардан түскен кірістерді қоспағанда) жинақтаушы зейнетақы қорларынан айырмашылығы - жиынтық жылдық кіріске енгізіледі және табыс салығы ұсталатын болады.

2000 жылдың басындағы жағдай бойынша Алматы қаласында сақтандыру ұйымдарының жалпы санының 64 процентіне жуығы немесе 45 сақтандыру ұйымы тіркелді. Осыған байланысты сақтандыру ұйымдары филиалдарының аймақтық желісін кеңейту және сақтандыру брокерлерінің қызметін дамыту, сондай-ақ сақтандыру қызметін банктер мен олардың филиалдары, пошта-жинақ желісі және интернет арқылы іске асыру үшін қолда бар ақпараттық-техникалық құралдардың мүмкіндіктерін пайдалану туралы мәселелерді шешу маңызды болып табылады.

Қазіргі жұмыс істейтін сақтандыру ұйымдарының елеулі бөлігінде білікті мамандардың саны жеткіліксіз. Республиканың сақтандыру рыногында кәсіби сақтандыру делдалдарының рөлі елеусіз. Қазақстанда қазір бар болғаны 3 брокерлік сақтандыру компаниясы жұмыс істейді, жұмыс істейтін сақтандыру агенттерінің саны мен олардың қызметінің тиімділігі туралы деректер жоқ. Сақтандыру бойынша мамандарды оқытудың қазіргі заманғы жүйесін құру, сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларының қоғамдық бірлестіктерін осы іске белсенді түрде қатыстыру қажет.

Қазіргі заманғы сақтандыру рыногының толыққанды жұмыс істеуі сонымен қатар актуарийлер (сақтандыру міндеттемелерін экономикалық-математикалық салада есептеу мамандары) институтын енгізуді, уәкілетті аудиторлар мен басқа да мамандарға қойылатын тиісті талаптарды айқындауды қажет етеді.

## 3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық субъектілерінің мүддесін қорғаудың накты құралы бола алатын

толыққанды, орнықты жұмыс істейтін ұлттық сақтандыру рыногын қалыптастыру болып табылады.

Осы Бағдарламаны толық көлемде іске асыру үшін мынадай мақсаттарға жету қажет:

- елдегі сақтандыру жүйесін жетілдіру, ұлттық сақтандыру рыногы мен сақтандырудың басым бағыттарын дамыту жөніндегі шаралар кешенін айқындау;

- қазіргі заманғы сақтандыру технологиясын пайдалану үшін жағдай жасау, сақтандыру рыногын реттеу стандарттарын жоғарылату, сақтандыру қызметіне тиімді қадағалауды жүзеге асыру, сақтандыру рыногы қатысушыларының заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

- сақтандыру заңдарының талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл принциптерін әзірлеу, сақтандырудың инвестициялық әлеуетін пайдалану, республиканың сақтандыру индустриясын халықаралық сақтандыру және қайта сақтандыру рыногына интеграциялау.

Осы Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- әлеуметтік сақтандыру түрі ретінде сақтандыру тұрғысында қорғауды ұсынудың принциптерін нақтылау;

- сақтандыруды қолдану аясын кеңейту және міндетті сақтандыру түрлерін нақтылау;

- сақтандыру рыногының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының қызметін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;

- халықаралық стандарттарды ескере отырып, сақтандыруды қадағалаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;

- сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі жөніндегі талаптарды күшейту;

- қазіргі заманғы сақтандыру технологиясын енгізуге жәрдемдесу;

- сақтандыру саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін мынадай басымдықтарға сәйкес сақтандыру рыногын жедел дамыту қажет:

1) Ұлттық сақтандыру жүйесі негіздерін жетілдіру.

2) Сақтандыруды қолдану аясын кеңейту.

3) Сақтандыру индустриясының әлеуетін белсенді түрде пайдалану.

4) Міндетті сақтандыру түрлерінің оңтайлы тізбесін айқындау, оларды жүргізу ерекшеліктерін заңды түрде бекіту.

5) Өмір мен денсаулықты сақтандыру, аннуитеттер жүйесін және сақтандырудың басқа да әлеуметтік маңызы бар түрлерін жедел дамыту.

6) Ұлттық сақтандыру рыногының инфрақұрылымын және әлеуетін дамыту.

7) Сақтандыру рыногын мемлекеттік реттеуді және сақтандыру қызметін қадағалауды күшейту.

8) Сақтанушылардың, сақтандырылушылардың және пайда алушылардың заңды мүдделерін қорғау.

9) Қазақстанның халықаралық сақтандыру схемасына кіруі жөнінде қажетті шаралар әзірлеу және республиканың сақтандыру рыногына шетелдік қатысу шарттарын айқындау.

## 4. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетігі

### 4.1. Сақтандыруды дамытуда мемлекеттің рөлін арттыру

Қазіргі уақытта сақтандыру тұрғысында қорғау сапасын арттыру, сақтандыру мүмкіндіктерін және оның инвестициялық ресурстарын неғұрлым толық пайдалану үшін құқықтық, экономикалық және өзге де алғышарттар жасау қажет болып отыр.

Республиканың сақтандыру жүйесін дамыту жөніндегі осы және басқа да шараларды іске асыру осы процеске мемлекеттің және оның органдарының белсене қатысуын талап етеді. Сақтандыру рыногын мемлекеттік реттеу сақтанушылардың заңды мүдделерін қорғаудың және сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады.

Мемлекеттің сақтандыруды дамыту жөніндегі қазіргі кезеңдегі міндеттері:

1) ұлттық сақтандыру жүйесінің жұмыс істеу принциптері мен оның басқа әлеуметтік институттарымен әрі қаржы рыногының бөліктерімен өзара іс-қимылының тиімді тетіктігін айқындау;

2) сақтандыру және сақтандыру қызметінің қазіргі заманғы заң базасын қалыптастыру;

3) сақтандыру тұрғысында қорғалуға жататын өнімдер мен ауыл шаруашылығы салаларының тізбесін айқындай отырып, ауыл шаруашылығы өндірісін міндетті сақтандыруға мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

4) сақтандыру мәселелері бойынша халықтың ақпараттандырылуы мен құқықтық мәдениетін көтеру, ерікті сақтандыру мүмкіндіктерін белсенді пайдалану, сақтандыру қызметінің түрлері мен көлемін кеңейту, олардың сапасын жақсарту және сақтанушылардың заңды мүдделерін қорғауды күшейту;

5) Өмірді, денсаулықты және еңбек қабілеттілігін сақтандыруды, аннуитеттер жүйесін және сақтандырудың басқа да әлеуметтік маңызы бар түрлерін жедел дамыту үшін жағдай жасау;

6) ұлттық сақтандыру рыногының мемлекет пен халық мүдделеріне жауап

беретін, экономиканың осы секторына инвестициялардың, соның ішінде шетелдік инвестициялардың ағылып келуін қамтамасыз ететін халықаралық сақтандыру және қайта сақтандыру схемасына интеграциялануының ықтимал шарттарын нақтылау болып табылады.

Осы бағыттар бойынша сақтандыруды қадағалаудың уәкілетті мемлекеттік органы белгілі бір дәрежеде жұмыс жүргізуде. Сонымен бірге сақтандырудың көптеген күрделі проблемалары да бар, олардың шешілуі бірқатар министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдардың құзыретіне кіреді.

Уәкілетті мемлекеттік орган жиырмаға жуық міндетті сақтандыру түрлерін сақтаудың дұрыстығын нақтылауы қажет, өйткені олардың көпшілігін жүргізудің нақты шарттары заңда айқындалмаған. Аграрлық, экологиялық және әлеуметтік салалардағы міндетті сақтандырудың перспективасын, сондай-ақ міндетті сақтандырудың жаңа түрлерін енгізудің дәлелділігін айқындау алда тұр.

Осыған сәйкес және заң талаптарын ескере отырып, мүдделі мемлекеттік органдар, сақтандыруды қадағалаушы уәкілетті мемлекеттік органының келісімі бойынша, міндетті сақтандырудың тиісті түрлері бойынша заң жобаларын әзірлеуі қажет.

Халықтың ауру-сырқауы мен өлім-жітімі бойынша, облыс аумақтарының табиғи-климаттық әсерлерге бейімділігі жөніндегі арнаулы деректерді қоса, сақтандыруда пайдалануға арналған жеткілікті статистикалық базаны қалыптастыру жөніндегі елеулі жұмыс алда тұр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тікелей қарауын қажет ететін басқа да маңызды мәселелер:

1) мемлекеттік сақтандыру ұйымдары қызметінің перспективасы мен мамандандырылуын айқындау, сондай-ақ оларды сақтандырудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға тарту мүмкіндіктерін зерделеу;

2) сақтандыру саласының түрлі тәуекелдердің зардаптарын өтеу бойынша кепіл ретінде де, институционалды инвестор ретінде де ұзақ мерзімді ипотекалық кредиттеу жүйесіне қатысу тетігін айқындау;

3) Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жағдайларын ескере отырып, сақтандыру саласындағы өтпелі кезеңге арналған ұлттық мүдделерді қорғау жөніндегі ықтимал шараларды айқындау;

4) инвестициялық тәуекелдерді сақтандырудың тиімді жүйесін құру болып табылады.

## 4.2. Заң шығару және ұйымдастыру базасын жақсарту

Сақтандыру рыногындағы проблемалардың елеулі бөлігі сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заң актілерінің жетілдірілмеуінен туындайды. Атап

айтқанда, азаматтық заңдардың жекелеген ережелері өмірді сақтандырудың жинақтаушы түрлері мен аннуитеттер жүйесін дамытуды ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Міндетті сақтандырудың жекелеген түрлерін нақты іске асыруға байланысты мәселелер жеткілікті түрде регламенттелмеген. Сақтандырудың осы түрлерін жүзеге асыру шарттарын әзірлеу кезінде (соның ішінде сақтандыру тарифтерін есептеу кезінде) сақтандыру ұйымдары ғылыми негізделген әдістемелік деректерді жеткілікті пайдаланбайды.

Осыған байланысты заңдар мен тиісті ұйымдастыру шаралары деңгейінде:

1) даулы жағдайлардың санын, әсіресе, сақтандырудың бұқаралық түрлері саласында мейлінше азайту үшін, түрлі сақтандыру түрлерін жүзеге асырудың құқықтық негіздерін, сақтандыру шартының тараптарының негізгі құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын нақтылау, мұның өзі азаматтардың сақтандыру мекемесіне сенімін нығайтуға мүмкіндік береді;

2) сақтандыру мекемелерінің қазіргі заманғы сақтандыру технологияларын пайдалануы жөнінде мемлекет тарапынан жәрдем көрсетудің, сондай-ақ сақтандыру заңдарын сақтандыру рыногтарының күллі субъектілерінің сақтауына тиімді мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру шарттарының нақты нысандарын әзірлеу;

3) сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларының (сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, уәкілетті аудиторлар мен актуарийлердің) қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтатудың сапалы жаңа принциптерін енгізу;

4) міндетті сақтандыру түрлерінің оңтайлы тізбесін белгілеу және сонымен бір мезгілде мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру мүмкіндігін шектей отырып, оларды жүргізудің заңдық шарттарын айқындау;

5) ауыл шаруашылық тәуекелдерін сақтандыруды ұйымдастыру модельдерін (міндетті және ерікті түрлерін) айқындау;

6) халықаралық тәжірибені ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін, әсіресе жеке сақтандырудың әлеуметтік елеулі саласын ынталандыру жөнінде кешенді шараларды жүзеге асыру;

7) сақтандыру мен сақтандыру қызметін реттеудің ұлттық режимін республиканың халықаралық сақтандыру және қайта сақтандыру рыногына интеграциялану қажеттігін ескере отырып, халықаралық принциптерге және стандарттарға жақындауын қамтамасыз ету қажет.

### 4.3. Өмірді сақтандыруды және сақтандырудың басқа да әлеуметтік маңызды түрлерін жедел дамыту

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз ету халықтың неғұрлым қорғалмаған жіктеріне берілуге тиіс. Азаматтардың қалған санаттарының өз игілігі туралы, соның ішінде сақтандыру арқылы дербес қамдануына мүмкіндік беру керек.

Осыны ескере отырып, өмірді, еңбек қабілеттілігін және денсаулықты сақтандыруды, аннуитеттер жүйесі мен сақтандырудың басқа да әлеуметтік маңызды түрлерін дамыту туралы, сондай-ақ өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының қызметін жандандыру туралы мәселе барынша маңызды болып отыр.

Жұмыс істеп тұрған жинақтаушы зейнетақы жүйесі өмірді сақтандыру бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының есебі негізінде зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға тұрақты төлем жасауды қамтамасыз етуге арналған сақтандыру индустриясының болуын және сенімді жұмыс істеуін талап етеді.

Ең алдымен, сақтандыру жүйесі дамыған мемлекеттерде қабылданып отырғандай, азаматтар мен жұмыс берушілер үшін, сондай-ақ өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының қызметі үшін сақтандыру сыйақыларын төлеу жөнінде қолайлы жағдай жасау мәселесін қарастыру қажет.

Сақтандыру ұйымдары арқылы жекелеген әлеуметтік төлем түрлерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету тетігін айқындау және аннуитеттік сақтандыру, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айырылуына байланысты және жұмыссыздығына байланысты міндетті сақтандыруды қоса алғанда, өмірді және жұмыс істейтін азаматтардың еңбек қабілеттілігін сақтандыруды жүргізу шарттары мен тәртібін реттейтін міндетті сақтандыру туралы тиісті заңның қабылдануын тездету қажет.

Өмір бойғы зейнетақы төлемдерімен қамтамасыз ететін аннуитеттер алу үшін азаматтар өздерінің жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалану кезінде жинақтаушы зейнетақы қорлары мен өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін заңмен айқындау қажет.

### 4.4. Сақтандыру рыногын реттеудің және сақтандыру қызметін қадағалаудың тиімді жүйесін құру

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігіне қойылатын талаптарды, олардың басшылары мен мамандарының біліктілік дәрежесін кезең-кезеңімен көтеру - сақтандыру қызметін тұтынушылардың қорғалу дәрежесін көтеруге мүмкіндік береді.

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жеткілікті капиталдандырылуы, басқа факторларды ескермегенде, клиенттердің қаржылық

мүдделерін сенімді қорғауды қамтамасыз етуге және тұтастай алғанда халықтың сақтандыруға деген сенім деңгейін көтеруге қызмет ететін болғандықтан, олардың жарғылық және өз капиталының ең төменгі дәрежесіне қойылатын талаптар жүйесін әзірлеген жөн.

Сақтанушылардың мүдделерін қорғау, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігін қолдау саласындағы маңызды міндеттердің бірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің сақталуын, өтімділігін, әртараптығын және орналастырудың түсімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл үшін сақтандыруды қадағалайтын уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтерін сенімді қаржы құралдарына инвестициялау жөніндегі талаптардың неғұрлым оңтайлы тізбесін белгілеуі, сондай-ақ ірі акционерлердің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын басқаруға тигізуі мүмкін жағымсыз әсерлерін шектеуі және онымен қосылма тұлғалармен жасалатын мәмілелерге бақылау жасауды қамтамасыз етуге тиіс.

Сақтандыру шарттары мен аннуитет шарттары бойынша клиенттердің мүдделерін қорғау жөнінде бірінші кезектегі шаралар қолдану мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының төлем қабілеттілігінің төмендеуіне аралық мониторинг пен күнілгері болжам жасаудың тиімді жүйесін әзірлеу міндеті алда тұр.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті және мәжбүрлеп тарату кезінде сақтанушылар мен өзге де тұлғалар алдындағы міндеттемелерді қанағаттандырудың негізделген кезектілігін айқындау қажет.

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын дамытудың маңызды мәселесі, халықаралық талаптарды ескере отырып, сақтандыру ісінің өзіне тән ерекшелігін көрсететін жаңа бухгалтерлік есеп стандарттары мен қаржылық есеп нысандарын әзірлеу болып табылады. Осы міндетті іске асыру сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық қызметінің "ашықтығын" қамтамасыз ету, пайдаланушыларға сақтандыру және инвестициялау рыногында экономикалық негізделген шешімдер қабылдау үшін толық әрі дұрыс қаржылық есеп ұсыну мақсатында маңызды болып табылады.

Алда жоғары оқу орындарына арналған тиісті оқу бағдарламаларын әзірлеу мен сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының басшыларына әрі жекелеген санаттағы мамандарына бірыңғай біліктілік талаптарын белгілеуді назарға ала отырып, сақтандыру саласы үшін кадрлар даярлау жүйесін бір ізге салу тұр. Осыған байланысты сақтандыру бойынша халықаралық оқыту тәжірибесін пайдалану маңызды.

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын институционалдық дамыту деңгейінің басқа маңызды көрсеткіші оларды техникалық жарақтандыру, жедел

ақпарат жинау процесін автоматтандыру және оны талдау болып табылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының автоматтандырылған ақпарат желілері, қазіргі заманғы телекоммуникациялық технологияларға негізделген бас кеңсе мен филиалдар арасындағы жедел байланыс жүйесі тек облыс орталықтары мен ірі қалалардың ғана емес, шалғай аймақтардың тұрғындарына да сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты банктердің қалыптасып үлгерген филиалдық желілерін, пошта-жинақ жүйелерін және интернет мүмкіндігін пайдалану маңызды.

### 4.5. Сақтандыру рыногында шынайы бәсеке болу үшін және оның сақтандыру мен қайта сақтандырудың халықаралық рыноктарына интеграциялануы үшін жағдай жасау

Соңғы жылдардағы сақтандыру рыногында орын алған оқшаулық оның дамуына сөзсіз жағымсыз ықпал етті. Сақтандырудың одан әрі дамуы кезінде сақтандыру индустриясын қаржы рыногының ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажет, оның теңдестірілген дамуынсыз республика экономикасының толыққанды жұмыс істеуі мүмкін емес.

Сақтандыру рыногының ішкі маңызды қозғаушы күші тұтынушыларға өз таңдауын дербес айқындауға мүмкіндік беретін шынайы бәсекелестік болуы тиіс. Сақтанушының таңдау еркін шектеу мен жекелеген сақтандыру түрлерін монополияландыруға бағытталған сақтандыру және басқа ұйымдардың заңсыз қызметіне уақтылы назар аудару қажет. Кейбір міндетті сақтандыру түрлері бойынша монополиялық құқыққа ие мемлекеттік мамандандырылған сақтандыру қорларының бұрынғы нәтижесіз жұмысын, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудағы оң тәжірибені ескере отырып, мемлекеттік қорлардың міндетті сақтандыруды жүзеге асыру монополиясына тыйым салу және бәсекелестік пен нарықтық қатынастарға негізделген сақтандырудың дамуына қолдау көрсету керек.

Қайта сақтандыру саласында, олардың ерікті түрде сақтандыру және қайта сақтандыру пулдарын құруы жолымен, қазақстандық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының сақтандыру сыйақыларын ұстап қалу үлесінің өсуіне жағдай жасау керек. Мұны орындау үшін осы ұйымдардың қаржылық жай-күйі туралы ақпараттың жариялылығын және сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша олар жасайтын операциялардың қаржылық жағынан ашықтығын қамтамасыз ету қажет.

Республикадан тыс жерлерде тәуекелдерді қайта сақтандыруға беру бойынша операциялардың сенімділігін қамтамасыз ету проблемаларын, халықаралық

тәжірибелер мен стандарттарды ескере отырып, халықаралық қайта сақтандырушылар мен сақтандыру брокерлері үшін рейтинг жүйесін енгізу жолымен шешуге болады. Мұндай жағдайда осындай ұйымдардың қаржылық орнықтылығы мен іскерлік беделінің деңгейі олардың қазақстандық сақтандыру ұйымдарынан қабылдаған тәуекелді қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерін орындамау ықтималдығын барынша азайтуға тиіс.

Сақтандыру рыногының институционалды дамуының басқа маңызды факторы - сақтандыру қызметін жүзеге асыру саласында кәсіби қатысушылардың өздерінің іскер этика стандарттарын қалыптастыруы болуға тиіс. Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларының болашақта өзін өзі реттейтін ұйымдарын құрып, жұмыс істетуде белгілі бір әлеует бар. Осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымдарының өкілетті органдары, республиканың сақтандыру индустриясы алдында тұрған міндеттерді және сақтандыру ісін ұйымдастыру әрі жүргізудің халықаралық принциптері мен стандарттарын ескере отырып, өз қызметінің бағдарларын қайта құруға тиіс.

## 4.6. Іскерлік ақпаратты қалыптастыру және реформа барысын түсіндіру

Бүгінгі күні сақтандыру қызметін тұтынушылардың сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметтері туралы анықтамалық, талдамалық, статистикалық, болжамдық және өзге де деректерге қол жеткізуі барынша шектеулі және жеткіліксіз болып отыр.

Ұсынылатын сақтандыру қызметтері ауқымының кеңдігі халықтың хабардарлығы мен күнделікті өмірде осы қызмет көрсетулерге тұтынушылық сұраныс деңгейіне тікелей байланысты болғандықтан, сақтандыру және өзге де ұйымдар халықтың сақтандыруға қызығушылығын арттыруға, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сақтандырудың қазіргі және жаңа түрлері бойынша қажетті ақпараттың берілуін қамтамасыз етуге жәрдемдесуге тиіс.

Сақтандыру ұйымдарының халық пен ұйымдардың белгілі бір сақтандыру түрлеріне сұранысын көңіл коя зерделей түсуі және халықтың түрлі топтарының сұранысын ескере отырып, оларды жетілдіруді қамтамасыз ету міндеті алда тұр.

Сақтанушылардың алданып қалуын болдырмау және алаяқтықтың алдын алу мақсатында мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары сақтандыру қызметін тұтынушылардың негізгі құқықтарын түсіндіру жөнінде мақсатты жұмыс жүргізуі қажет.

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық есеп беруін белгіленген нысандарға сәйкес басылымда жариялауға заңды түрде міндеттеу керек, бұл олардың қызметінің ашықтығын және осы мәліметтердің халық үшін

қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## 5. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Осы Бағдарлама елдегі макроэкономиканы одан әрі тұрақтандыруға, сақтандыру рыногын дамыту үшін жағдай жасауға, халықты әлеуметтік қорғау деңгейін көтеруге, азаматтар мен ұйымдардың қаржылық және инвестициялық белсенділігін арттыруға бағытталған. Бағдарламада көзделген шаралар экономикалық және әлеуметтік өзгерістер саласында бұрын қабылданған мемлекеттік міндеттерді толық ескереді. Жүргізіліп отырған реформа шеңберінде белгіленген міндеттерді табысты іске асыруға сақтандыру ұйымдарының және сақтандыру рыногындағы өзге де субъектілердің белсенді жұмысы ықпал етеді. Бағдарламаның орындалуы түрлі мемлекеттік органдардың жан-жақты қатысуын және олардың бағдарламаны іске асырудың кешенді шараларын әзірлеуін көздейді.

Сақтандыру жүйесін реформалау әлеуметтік төлемдер мен зейнетақымен қамтамасыз ету проблемаларын қозғайтындығын ескере отырып, сақтандыруды жүзеге асыруға мемлекеттік бақылауды бірыңғай принциптерде ұйымдастыру көзделеді. Осы мәселе бойынша бірлескен жұмысты үйлестіруді, мемлекеттік сақтандыруды қадағалаудың уәкілетті органының келісімі бойынша, тікелей ел Үкіметі жүргізуге тиіс. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың негізгі тізбесі (жоспары) бір мезгілде бекітілуге тиіс.

Осы Бағдарламаны жүзеге асыру үшін ел Үкіметіне жоспарланған іс-шараларды қаржыландырудың қажетті шарттарын айқындау тапсырылады.

## 6. Күтілетін нәтижелер

Осы Бағдарламадан туындайтын іс-шараларды кезең-кезеңімен орындау:

1) сақтанушылардың заңды мүдделерін тиімді қорғауды және халыққа берілетін медициналық көмек төлемін, карттығы, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты қамтамасыз етуді қоса алғанда, қосымша мемлекеттік емес әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етуге;

2) сақтандыру рыногын реттеу саласында сақтандыру заңдарының деңгейін халықаралық стандарттарға дейін көтеруге;

3) ұлттық сақтандыру рыногының бәсеке қабілеттілігін сапалы түрде арттыруға және оның инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қарастырылып отырған кезең ішінде сақтандыру қызметіне ішкі сұраныс

өседі, бәсекеге қабілетсіз ұсақ және орташа сақтандыру ұйымдарының үлесі айтарлықтай қысқарады, болжам бойынша, негізгі құрылтайшылары мен акционерлері отандық ірі банктер, кәсіпорындар мен шетелдік сақтандыру компаниялары болатын ірі сақтандыру ұйымдары рынокта пайда болады деп күтілуде.

2002 жылдың соңына қарай өмірді сақтандыру сапасында - 5-10 сақтандыру ұйымы, сақтандырудың жалпы түрлері саласында - 15-20 сақтандыру ұйымы жұмыс істейтін болады, сондай-ақ 2-3 мамандандырылған қайта сақтандыру ұйымы құрылады.

Сонымен қатар сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын жалпы капиталдандыру 2000 жылдың басындағымен салыстырғанда 2003 жылдың басында 2,3-тен 5-7 млрд. теңгеге дейін, жыл ішінде жиналатын сақтандыру сыйақысының көлемі ішкі жиынтық өнімге қатынасы бойынша шамамен 0,3 проценттен 0,8-1,2 процентке дейін, соның ішінде өмірді сақтандыру бойынша 0,002 проценттен 0,2-0,5 процентке дейін өсуі мүмкін.

Республиканың қаржы рыногының басқа бөліктерінде бар әлеуетті ескере отырып, ұлттық сақтандыру индустриясын жедел дамыту Қазақстанда көзделген экономикалық өзгерістерді ілгерілету үшін қуатты серпіліс туғызуға міндетті.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2000 жылғы 27 қарашадағы
N 491 Жарлығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары**

**1-бөлім. Сақтандырудың жаңа тұжырымдамасын қалыптастыру**

**1-басымдық. Ұлттық сақтандыру жүйесінің негіздерін жетілдіру**

**Мақсаты: Сақтандыруды рыноктық принциптерде жедел дамыту**

| Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1.1. Мемлекеттік бюджет есебінен Қазақстан және сақтандыру арқылы халықты әлеуметтік қорғау түрлерін | Қазақстан Республикасы Үкіметі | Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық | 2001 жылғы І тоқсан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қолдану аясын шектеу | қаулысының жобасы | Банк | |
| 1.2. Медициналық сақтандыруды, азаматтарды жеке сақтандыруды (мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуына байланысты) қоса алғанда, әлеуметтік сақтандырудың 2001-2002 жылдарға арналған саясаты және жинақтаушы сақтандыру жүйесін дамытуды ынталандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Үкіметке ұсыныстар енгізу Президент Әкімшілігіне есеп беру | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық Банк, Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттік, Қаржы министрлігі | 2000 жылғы желтоқсан |
| 1.3. Қазақстан Республикасының халқын Әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын әзірлеу | Тұжырымдама. ның жобасы Президент Әкімшілігіне есеп беру | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | 2000 жылғы желтоқсан |
| 1.4. Сақтандыру индустриясының зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамытуға қатысу перспективасын айқындау | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық Банк және Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия | 2001 жылғы қаңтар |
| 1.5. Өмірді сақтандыру және жинақтаушы сақтандыру шарттарының ерекшеліктерін көздейтін тиісті заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Заң жобасы | Ұлттық Банк, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Мемлекеттік кіріс | 2000 жылғы желтоқсан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | министрлігі, Экономика министрлігі | |
| 1.6. Сақтандыру саласында, халықаралық тәжірибені ескере отырып, салық салу ерекшеліктерін айқындау үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Заң жобасы | Ұлттық Банк, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі | 2000 жылғы желтоқсан |

---

2-басымдық. Сақтандыруды қолдану аясын кеңейту

Мақсаты: Сақтандыруды әлеуметтік өмір мен ендірістік қатынастары тұрақтандырушы факторға айналдыру

| Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 2.1. Түрлі сақтандыру түрлеріне халықтың және ұйымдардың мүдделілігін арттыру жөнінде мемлекеттік шаралар әзірлеу | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк және мүдделі министрліктер және агенттіктер | Ұдайы |
| 2.2. Қорғау шараларының кешенін әзірлеу және сақтандыру схемасын ұйымдастыру кезінде экономика салалары мен аймақтық саясат мүдделерін жан-жақты есепке алу қажеттігін көздеу, соның ішінде:<br>1) экологиялық жағдайға;<br>2) әлеуметтік-демографиялық жағдайға;<br>3) табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты. | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк және мүдделі мемлекеттік ұйымдар | Ұдайы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.3. Сыртқы экономикалық қызметті және инвестициялық процесті сақтандыру тұрғысында қорғауды ұйымдастыру саясатын айқындау | Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы | Инвестициялар жөніндегі агенттік, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі | 2001 жылғы қараша |

-----------------------------------------------------------------------

3-басымдық. Сақтандыру индустриясының инвестициялық әлеуетін белсенді түрде пайдалану

Мақсаты: Ұзақ мерзімді инвестициялардың көзі ретінде сақтандыру рыногы рөлін арттыру

| Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 3.1. Сақтандыру ұйымдарының қаражатын экономикаға инвестициялау үшін қолайлы макроэкономикалық және құқықтық жағдай жасау | Заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия, Инвестициялар жөніндегі агенттік, Экономика министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | Ұдайы |
| 3.2. Сақтандыру индустриясының қаржы рыногының басқа да секторларымен өзара іс-қимыл жасауын тереңдету. | Заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия, Еңбек және халықты әлеуметтік | 2001 жылғы қаңтар |

қорғау министрлігі
--------------------------------------------------------------------

2-бөлім. Сақтандыру сапасын жақсарту және сақтандыру рыногын нығайту жөніндегі негізгі шаралар

4-басымдық. Міндетті сақтандыру түрлерінің оңтайландырылған тізбесін айқындау, оларды жүргізудің ерекшеліктерін заңды түрде бекіту

Мақсаты: Міндетті сақтандыру жүргізудің жалпы шарттарын реттеу
--------------------------------------------------------------------

| Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 4.1.1. Міндетті сақтандыру саласында мемлекеттік саясаттың нақты міндеттері мен принципте. рін, соның ішінде мемлекет сақтандырушы болып табылатын міндетті сақтандыру түрлерін жүргізу шарттарын айқындау | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк, мүдделі министрліктер мен агенттіктер | 2001 жылғы қаңтар |
| 4.1.2. Міндетті сақтандырудың қазіргі бар түрлерін сақтаудың (жүргізу тәртібін) дұрыстығын нақтылау, мыналарды қоса: | Үкіметке ұсыныстар енгізу | | 2000 жылғы желтоқсан - 2001 жылғы 1 тоқсан |
| 1) Ауыл шаруашылық өндірісін сақтандыру; | | 1) Ауыл шаруашылығы министрлігі | |
| 2) Мұнай операцияларын сақтандыру; | | 2) Энергетика, индустрия және сауда министрлігі | |
| 3) Әскери жиындарға шақырылған әскери қызметшілерді, азаматтарды, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарды мемлекеттік жеке сақтандыру; | | 3) Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық | |

| | |
|---|---|
| | қауіпсіздік комитеті |
| 4) Мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік сақтандыру; | 4) Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік |
| 5) Судьяларды және олардың мүлкін мемлекеттік сақтандыру; | 5) Жоғарғы Сот |
| 6) Сот приставтарын жеке сақтандыру; | 6) Әділет министрлігі |
| 7) Прокуратура органдары қызметкерлерін сақтандыру; | 7) Бас Прокуратура |
| 8) Салық қызметтерінің қызметкерлерін жеке сақтандыру; | 8) Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| 9) Экологиялық сақтандыру; | 9) Экология министрлігі |
| 10) Төтенше жағдайлардан туындаған тәуекелдерге байланысты ұйымдар мен азаматтардың қызметін сақтандыру; | 10) Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік |
| 11) Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындауға, төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға тартылған қызметкерлерді сақтандыру; | 11) Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік |
| 12) Қызметкерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіби аурулардан сақтандыру; | 12) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 13) Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; | 13) Әділет министрлігі |
| 14) Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; | 14) Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі |

| | |
|---|---|
| 15) Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін сақтандыру; | 15) Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі |
| 16) Кепіл мүлкін сақтандыру; | 16) Ұлттық Банк |
| 17) Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы адамдарды сақтандыру; | 17) Экология министрлігі |
| 18) Ломбардтардың жауапкершілігін сақтандыру. | 18) Ұлттық Банк |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4.1.3. Халықтың, коммерциялық ұйымдар мен мемлекеттің қазіргі уақытта сақтандыру тұрғысында қорғаумен қамтамасыз етілмеген салалардағы мүліктік мүддесін қорғауды қамтамасыз ету. Сонымен қатар барлық мүдделі министрліктер мен агенттіктердің қатысуымен мыналарды белгілеудің дұрыстығы туралы мәселені шешу: 1) өртке қарсы міндетті сақтандыру; 2) әуе кемесін пайдаланатын иелер мен адамдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 3) қауіпті өндірісті жүзеге асыратын ұйымдардың (атом энергиясын пайдаланатындар) жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 4) гидротехникалық ғимараттарды пайдалану кезінде туындайтын жауапкершілікті міндетті сақтандыру; кәсіпкерлік қызметтегі жекелеген субъектілердің | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Мүдделі министрліктер мен агенттіктер, Ұлттық Банк | 2000 жылғы желтоқсан - 2001 жылғы 1 жартыжылдық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| (аудиторлар, брокерлер, дәрігерлер және т.б.) кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру | | | |
| 4.1.4. Мыналар бойынша негізгі шаралар тізбесін айқындау:<br>1) әлеуметтік салада міндетті сақтандыру тұрғысында қорғауға жататын адамдардың санатын және олардың заңды мүдделерін нақтылау; | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттік, Ұлттық Банк, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі | 2000 жылғы желтоқсан |
| 2) жұмыс берушінің қызметкердің өміріне және денсаулығына келтірілген зиянға жауапкершілігін сақтандыру тетігін іске асыру; | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық Банк, Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттік | 2000 жылғы желтоқсан |
| 3) денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қамтамасыз ету және жеке сақтандыру принциптерін (ерікті және міндетті) шектеу. | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттік, Ұлттық Банк, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау | 2000 жылғы желтоқсан |

министрлігі,
Қаржы министрлігі

---

4.2. Міндетті сақтандырудың жаңа тұжырымдамасын іске асыру
Мақсаты: Міндетті сақтандыру түрлері бойынша басымдықтарды айқындау

---

4.2.1. Бірінші кезекте мынадай: Заң жобалары

1) асыраушысынан айырылуына байланысты; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық Банк 2001 жылғы 1-жарты. жылдық

2) мүгедектігіне байланысты; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық Банк 2001 жылғы 1-жарты. жылдық

3) жұмыссыздығына байланысты; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық Банк 2001 жылғы 1-жарты. жылдық

4) автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін; Ұлттық Банк, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі 2001 жылғы 1-жарты. жылдық

5) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөнінде заңдар жобаларын әзірлеу. Ұлттық Банк, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі 2001 жылғы 1-жарты. жылдық

4.2.2. Осы Жоспардың 4.1.1. - 4.1.3. тармақтары бойынша Заң жобалары Еңбек және халықты 2001 жылғы 3

| | | | |
|---|---|---|---|
| шешімдерден туындайтын міндетті сақтандырудың жаңа түрлері бойынша заң жобаларын дайындау. | | әлеуметтік қорғау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі және басқа мүдделі министрліктер (агенттіктер) | тоқсан |
| 4.2.3. Мыналарға: | | | |
| 1) міндетті сақтандырудың тиісті түрлері бойынша тиімді сақтандыру технологияларын енгізуге және пайдалануға; | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк және басқа мүдделі министрліктер (агенттіктер) | 2001 жылғы 1-жартыжыл. дық |
| 2) міндетті сақтандыру түрлері бойынша заңдар талаптарын орындау үшін мемлекеттік бақылау жөніндегі шаралар кешенін қамтамасыз етуге; | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк және басқа мүдделі министрліктер (агенттіктер) | 2001 жылғы 1-жартыжыл. дық |
| 3) сақтандыру ұйымдарын міндетті сақтандыру рыногына жіберу принциптерін әзірлеуге байланысты ұйымдық-құқықтық, қаржылық, ақпаратты-техникалық, әдістемелік және өзге де проблемаларды қарау. | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк және басқа мүдделі министрліктер (агенттіктер) | 2001 жылғы 1-жартыжыл. дық |

---------------------------------------------------------------------------

5-басымдық. Өмірді, еңбек қабілеттілігі мен денсаулықты сақтандыруды, аннуитеттер жүйесі мен сақтандырудың әлеуметтік маңызы бар өзге де түрлерін жедел дамыту

Мақсаты: Өмірді, еңбек қабілеттілігі мен денсаулықты сақтандыруды, аннуитеттер жүйесі мен сақтандырудың әлеуметтік маңызы бар өзге де түрлерін жүргізудің перспективасы мен негізгі шарттарын нақтылау

| Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5.1. Өмірді сақтандыру мен жинақтаушы сақтандыруды жүзеге асырудың құқықтық негіздерін айқындау. | Нормативтік құқықтық актілер | Ұлттық Банк, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі | 2001 ж. |
| 5.2. Әлеуметтік салаға байланысты сақтандырудың түрлерін енгізудің құқықтық базасын әзірлеу. | Нормативтік құқықтық актілер | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Әділет министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, және басқа да мүдделі министрліктер (агенттіктер), Ұлттық Банк | 2001 ж. |
| 5.3. Сақтандыру органдарының халықтың жинақтарын инфляциялық процестердің әсерінен сақтауды қамтамасыз ету. | Заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Ұлттық Банк, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия, Экономика министрлігі | Тұрақты |
| 5.4. Азаматтардың өздерінің зейнетақы жинақтарын аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге пайдаланған кезде жинақтаушы зейнетақы қорларының өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын | Заң жобасы | Ұлттық Банк, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Бағалы | 2001 жылғы 2-жартыжылдық |

ұйымдармен өзара іс-қимыл шарттарын айқындау — қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия

----------------------------------------------------------------------

6-басымдық. Ұлттық сақтандыру рыногының инфрақұрылымын және әлеуетін дамыту

6.1. Сақтандыру қызметінің және сақтандыру қызметі рыногының қазіргі заманғы базасын құру

Мақсаты: Сақтандыру рыногын жедел дамыту үшін қажетті шарттарды айқындау

| Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 6.1.1. "Сақтандыру туралы және сақтандыру қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша) Заңдар жобаларын әзірлеу | Заң жобалары | Ұлттық Банк, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы министрлігі | 2000 жылғы желтоқсан |
| 6.1.2. Сақтандыру рыногындағы актуарийлердің және уәкілетті аудиторлардың қызметінің шарттарын айқындау | Нормативтік құқықтық актілер | Ұлттық Банк | 2001 жылғы 1-жарты. жылдық |
| 6.1.3. Сақтандыру делдалдары қызметінің құқықтық ережелері мен шарттарын нақтылау | Нормативтік құқықтық актілер | Ұлттық Банк | 2001 жылғы 1-жарты. жылдық |
| 6.1.4. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары үшін бухгалтерлік есеп стандарттарын әзірлеу | Нормативтік құқықтық актілер | Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк | 2001 жылғы 1-жарты. жылдық |
| 6.1.5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары | Нормативтік құқықтық | Ұлттық Банк | 2001 жыл ішінде |

мамандарының жекелеген актілер
санаттарына біліктілік
талаптарын айқындау
6.1.6. Сақтандыру рыногының Ұсыныстарды Ұлттық Банк Ұдайы
кәсіби қатысушыларына әзірлеу
сақтандыру қызметін жүзеге
асыру саласында іскерлік этика
стандарттарын белгілеуге ықпал
е т у
----------------------------------------------------------------------
6.2. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының институционалдық дамуы
Мақсаты: Сақтандыру рыногының негізгі субъектілерінің тиімді қызметі үшін
жағдай жасау
----------------------------------------------------------------------
! Іс-шара ! Аяқталу ! Орындалуына !Орындалу
! ! нысаны ! жауаптылар !мерзімі
----------------------------------------------------------------------
6.2.1. Жалпы сақтандыруды және Заң жобасы Ұлттық Банк 2000
өмірді сақтандыруды жүзеге жылғы
асыратын сақтандыру ұйымдарының желтоқсан
қызмет аясы мен принциптерін
шектеу
6.2.2. Сақтандыру өнімдерін, Үкіметке Ұлттық Банк 2001
оның ішінде банктердің ұсыныстар жылғы
филиалдары, пошта-жинақ жүйесі енгізу қазан
мен интернет арқылы сату бойынша
мүмкіндіктерді кеңейту
6.2.3. Шетелдерде Қазақстан Нормативтік Ұлттық Банк 2001
Республикасының резиденттері - құқықтық жылғы
сақтандыру және қайта сақтандыру акт 1-жарты.
ұйымдарының филиалдарын, жылдық
өкілдіктерін және еншілес
компанияларын құрудың шарттарын
нақтылау
6.2.4. Сақтандыру және қайта Нормативтік Ұлттық Банк 2001
сақтандыру ұйымдарын техникалық құқықтық жылғы
жарақтандыру, ақпараттарды жинақ акт 2-жарты.
өңдеу барысын автоматтандыру жылдық
және деректерді электрондық

беру деңгейі бойынша талаптарды
ендіру.
6.2.5. Мемлекеттік сақтандыру Қазақстан Қаржы 2001
ұйымдары қызметінің Республикасы министрлігі, жылғы
перспективалары мен Үкіметі Ұлттық Банк маусым
басымдықтарын (мамандандырылуын) қаулысының
және оларды жекешелендірудің жобасы
дұрыстығын айқындау
6.2.6. Халықтың өлім-жітімі мен Үкіметке Ұлттық Банк, 2000
ауру-сырқауы туралы актуарлық ұсыныстар Статистика жылғы
деректерді қоса алғанда, енгізу жөніндегі желтоқсан
сақтандыруға пайдалануға агенттік, - 2001
арналған жеткілікті Еңбек және жылғы
статистикалық базаны халықты 1-жарты.
қалыптастыру шарттарын әзірлеу әлеуметтік жылдық
қорғау
министрлігі
6.2.7. Сақтандыру ұйымдарының Нормативтік Ұлттық Банк 2001
- резиденттердің тәуекелдерді құқықтық жылғы
шетелдерге қайта сақтандыруға актілер желтоқсан
өткізу кезінде сақтандыру
сыйлықақысын ұстаудың үлесін
ұлғайту үшін жағдайлар жасау
-----------------------------------------------------------------------

7-басымдық. Сақтандыру рыногын мемлекеттік реттеуді және сақтандыру қызметін қадағалауды күшейту

Мақсаты: Реттеу мен қадағалаудың халықаралық стандарттарын енгізу

-----------------------------------------------------------------------
! Іс-шара ! Аяқталу ! Орындалуына !Орындалу
! ! нысаны ! жауаптылар !мерзімі
-----------------------------------------------------------------------
7.1. Сақтандыру қызметін Нормативтік Ұлттық Банк, 2001 жыл
пруденциалдық реттеудің жаңа құқықтық Бағалы қағаздар
жағдайларына кезең-кезеңмен актілер жөніндегі ұлттық
көшіруді қамтамасыз ету комиссия
7.2. Қайта сақтандыру Нормативтік Ұлттық Банк 2001 жыл
ұйымдарының қызметінің құқықтық

ерекшеліктерін айқындау, актілер
сақтандыру және қайта сақтандыру
пулдарын құруды ынталандыру
7.3. Халықаралық стандарттарды Нормативтік Ұлттық Банк 2001 жыл
ескере отырып, тиімді құқықтық
мемлекеттік сақтандыруды актілер
қадағалау жүйесін ұйымдастыру
7.4. Сақтандыру (қайта Нормативтік Ұлттық Банк 2001 жыл
сақтандыру) ұйымдарының құқықтық
қаржылық орнықтылығын және актілер
төлем жасау қабілеттілігінің
төмендеу деңгейін алдын ала
болжау жүйесін әзірлеу
7.5. Қаржы институтына Нормативтік Ұлттық Банк, 2001 жыл
қадағалауды жүзеге асыруға құқықтық Бағалы қағаздар
уәкілетті мемлекеттік актілер жөніндегі ұлттық
органдардың бірлескен жұмысы комиссия, Еңбек
арқылы сақтандыру қызметінің және халықты
субъектілерін шоғырландырылған әлеуметтік
түрде қадағалаудың тиімділігін қорғау
арттыру министрлігінің
Жинақтаушы
зейнетақы
қорлары қызметін
реттеу жөніндегі
комитеті
7.6. Қайта сақтандыру Нормативтік Ұлттық Банк, 2001
операцияларын өткізудің құқықтық Мемлекеттік жылғы
сенімділігін қамтамасыз ету актілер кіріс 1-жарты.
министрлігі жылдық
-----------------------------------------------------------------------
8-басымдық. Сақтанушылардың, сақтандырушылардың және пайда алушылардың заңды мүдделерін қорғау
Мақсаты: Халықтың сақтандыру рыногына сенімін нығайту
-----------------------------------------------------------------------
! Іс-шара ! Аяқталу ! Орындалуына !Орындалу
! ! нысаны ! жауаптылар !мерзімі
-----------------------------------------------------------------------
8.1. Сақтандыру қатынастарына Бақылауды Бас прокуратура, Ұдайы

| | | | |
|---|---|---|---|
| қатысушылардың міндеттемелерді орындауына бақылауды күшейту | ұйымдастыру және шаралар қолдану | Ұлттық Банк | |
| 8.2. Шынайы емес бәсекелестіктің туындауын және сақтандырудың жекелеген түрлерін монополиялауды жою | Бақылауды ұйымдастыру және шаралар қолдану | Ұлттық Банк, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелесті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік | Ұдайы |
| 8.3. Қазақстан Республикасының аумағында лицензиясы жоқ сақтандыру және брокерлік сақтандыру қызметіне жол бермеу | Бақылауды ұйымдастыру және шаралар қолдану | Құқық қорғау органдары, Ұлттық Банк | Ұдайы |
| 8.4. Сақтандыру қызметі тұтынушыларының негізгі құқықтарын түсіндіру және азаматтардың сақтандырудағы мүдделілігін арттыру жөнінде белсенді ақпараттық жұмысты жүзеге асыру | Баспасөз релиздері, мақалалар жариялау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау | Ұлттық Банк, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік | Ұдайы |
| 8.5. Таратылатын сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының міндеттерін қанағаттандыру кезектілігін белгілеу ерекшеліктерін айқындау. Өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының қаражатын дәрменсіз банктің жойылатын массасынан алып тастау қажеттілігін көздеу. | Заң жобасы | Ұлттық Банк | 2000 жылғы желтоқсан |

----------------------------------------------------------------------

9-басымдық. Қазақстанның халықаралық сақтандыру схемасына кіруі жөнінде қажетті шараларды әзірлеу және республиканың сақтандыру рыногына шетелдік қатысудың шарттарын айқындау

Мақсаты: Республиканың және шетелдік инвесторлардың мүдделерінің қолайлы үйлесуін қамтамасыз ету

| Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 9.1. Шетелдік сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногына қатысу принциптері мен шарттарын айқындау | Заң жобасы | Ұлттық Банк | 2000 жылғы желтоқсан |
| 9.2. Сақтандыру қызметіне қатысты валюта заңдарының талаптарын нақтылау | Нормативтік құқықтық актілер | Ұлттық Банк, Мемлекеттік кіріс министрлігі | 2001 жылғы 1-жарты. жылдық |
| 9.3. Халықаралық экспорттық-импорттық және инвестициялық келісім-шарттардың сақтандыру тұжырымдамасын әзірлеу. | Нормативтік құқықтық акт | Инвестициялар жөніндегі агенттік, Ұлттық Банк, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Экономика министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі | 2001 жылғы 1-жарты. жылдық |
| 9.4. Қазақстан Республикасының сақтандыру мәселелері бойынша қабылдаған халықаралық міндеттемелерін іске асыруды қамтамасыз ету. | Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы | Үкімет, Ұлттық Банк, Көлік және коммуникациялар министрлігі | Ұдайы |

және басқа да
мүдделі
министрліктер

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9.5. Қазақстан Республикасының сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру принциптерін әзірлеу. | Үкіметке ұсыныстар енгізу | Экономика министрлігі, Ұлттық Банк, Мемлекеттік кіріс министрлігі | 2001 жылғы маусым |

---------------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК